

Таблица 2. Изменение эндогенных параметров при изменении экзогенных на 1% при наличии реакции у всех трех игроков

		Параметры импортера		
		Расходы на покупку газа (Y)	Коеф. эластичности замены (σ)	Склонность к потреблению российского газа (α)
Цена поставщика	PR	+0,005	+0,089	-0,091
Плата за транзит	T	-0,001	+0,182	-0,66
Спрос на российский газ	G	0,979	+0,365	+1,295
Доля России на рынке	r	-0,012	+0,481	+1,072
Цена импортера	PG	+0,01	+0,117	-0,218
Спрос на газ других производителей	O	1,006	-0,159	-0,356
Индекс благосостояния импортера	U	+0,999	-0,028	+0,056
Прибыль России	Π^R	+1,266	+0,934	+1,154
Прибыль транзитера	Π^T	+1,10	+0,684	+0,456

Из таблицы 2 видно, что при увеличении параметра U и присутствия реакции со стороны всех трех игроков, все три игрока выигрывают.

Рассмотрим третий случай, когда при изменении параметра U реагируют только два игрока: поставщик и транзитер. Смотря на уравнение (2) сразу видно, что такой случай невозможен, так как при изменении параметра U изменяется и параметр G , который является откликом импортера.

Таким образом, остается только два случая. В первом случае при изменении U реагирует только импортер, а во втором случае – все три игрока. В обоих случаях при увеличении U выигрывают все три игрока. Но, как видно из таблиц 1 и 2, во втором случае выигрыши игроков не намного меньше, чем в первом случае. Таким образом, всем трем игрокам выгодно, чтобы на изменение расходов Европы на покупку природного газа реагировала только Европа, так как это принесет дополнительную прибыль поставщику и транзитеру и увеличит индекс благосостояния импортера.

Литература:

1. Газ летит в Европу // Российская Бизнес-газета, № 904 от 9 июля 2013 г. [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.rg.ru/2013/07/09/postavki.html>
2. Газпром экспорт. Транспортировка // Официальный сайт «Газпром» [Электронный ресурс] // Режим доступа: <http://www.gazpromexport.ru/projects/transportation/>
3. W. Grais, K. Zheng. Strategic Interdependence in the East-West Gas Trade. A Hierarchical Stackelberg Game Approach // The World Bank Europe and Central Asia, Country Department IV, Country Operations Division 2, August 1994.
4. Универсальный дополнительный практический толковый словарь И. Мостицкого [Электронный ресурс] // Режим доступа: http://mostitsky_universal.academic.ru

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КІСІ ЕСІМДЕРІ

Печерских Т.Ф., ф.ғ.к., доцент, Сабитова М.Р., магистрант
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Осы мақалада есімдердің ерекшеліктері зерттелген. Ағылшын есімдерін қазақ есімдерімен салыстырғанда ерекше қасиеттеріне сай талданылады.

Кілт сөздер: мәдениет; есім зат; таурат; «Аллаһ» есімі; бірінші есім; екінші есім.

Адам өмірінде мәдениеттің алар орыны өте ерекше. Мәдениет жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым- қатынасы. Өзара қарым- қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс. Әрбір адам ұлттық әлеуметтік топтық таптық ортаның өкілі, яғни нақты мәдениеттің өкілі. С. Қалиев өз сөзінде мәдениет жайлы пікірінде былай деп

тұжырым жасаған: «Мәдениет адамдардың бірлесе ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастардың жиынтығы. Оның мәні адамның өзіндік адамдық еңбегімен байланысты туындайтын өнім» [1, 8 б.].

Адам табиғи заттар мен құбылыстарды өзінің мүддесіне, талап – тілегіне сай өзгертіп отырады. Мәдениет адам мен табиғаттың өзара тұтастығы, өзара қарым – қатынасының тарихи дамып өзгеруінің өлшемі. Адам табиғаттың бел баласы, бірақ оның өмір сүру қисыны басқа. Ол табиғаттан тыс өзіне жайлы ортаны, яғни өзінің болмысына имманентті қоғамды жасауы керек. Сол кезден бастап мәдениет деген сөз өзіндік лексикалық ұғым мағынасында «натура» (табиғат) деген сөзге қарсы ілім ретінде қалыптасты. Табиғаттан тыс, адам қолынан шыққанның бәрі де мәдениет айғағы бола алады.

Мәдениет әлемі – адамның өз әлемі, өйткені ол адамның творчестволық, жасампаздық қабілеттерінің жемісі. Адамзат тарихы – мәдениет тарихы. Адамдар өздері өмір сүріп отырған табиғи және әлеуметтік ортаны өзгертеді, ол тарихи нақты процесс. Ортаны өзгерту арқылы өзі де өзгеріп, дамып отырады. Осы даму процесінің нақты мағынасы мәдениет болып табылады. Мәдениет адамның өзіндік дамуымен барабар процесс. Елбасы Н.Ә. Назарбаев (2014 жылғы 11 қараша) егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалғанын айтқан болатын. Бұл құндылықтар – уақыт сынынан өткен Қазақстандық жол тәжірибесі. Бұл – тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Осы құндылықтар арқасында біз әрдайым жеңіске жеттік, елімізді нығайттық, ұлы жетістіктерімізді еселегеніміз баршамызға мәлім.

Ал дәстүр мен ұлт мәдениетін үйретудің басы – ана тілі. Атамыз қазақ қашанда салт-дәстүрді берік ұстанған. Оны өскелең ұрпағына өнегелі мұра етіп қалдырып отырған. Жалпы, дәстүрін сақтаған ел қор болмайды. Себебі дәстүр адамды тәрбиеге, ақылға баулиды. Әр мемлекеттің өз салты, әдет-ғұрпы бар. Өзіндік тұрмыс, салт, ырымдар, материалдық және рухани мұра – бұл халық өмірінің айнасы. Қандай да бір халықтың өкілдері оған қатысы жоқ басқа халықтың мәдениетін толығынан танып – біле алмайды. Ол үшін сол тілде сөйлеп, ойлап, оның ауасымен дем алып, сол жерде өмір сүру керек. Тек сол халықтың тұрмысын, рухани – танымдық тәжірибесін қабылдап және бойға сіңіріп барып, оның мәдениет кодының кілтін тауып ашуға болады. Сол себептен біз екі ұлттың мәдениетінің ұқсастығы мен айырмашылығын қарастырамыз. Қазақ және ағылшын мәдениеті ұлттық дәстүрге бай халық.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі кісі есімдерінің қарастыратын болсақ олардың ұлттық ұқсастықтары бар. Қандай да бір іс-әрекет, қарым-қатынастың басы «Есіміңіз кім?», не болмаса ағылшын тілінде «What's your name?» деген сұрақтан басталады. Сіз осы сұрақта өз есіміңіз туралы, мағынасы туралы білесіз бе? Есім сөзіне түсіндірме берейік. Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 2011 жылы жарық көрген 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінің» 5-томында бұл сөз туралы былай делінген: «Есім. зат. Адамға туылған кезінде қойылған ат» [2, 438 б.].

Ат қою – қазақтарда, кең көлемде – түркі халықтарында өте тереңде жатқан мәні бар дүние. Т. Жанұзақ өз тұжырымында есімге қатысты мынадай пікір қалыптастырды: "Қазақ есімдері де санаулы жыл ішінде тосыннан пайда бола қалған. Оның өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолы бар. Қазіргі есімдеріміздің ішінде сол ерте замандарда қойылып, көненің қарт куәсі, жұрнағы ретінде өмір сүріп келе жатқандары да, орта ғасырға тән және жаңа дәуірде жасалғандары да көп" [3, 11 б.]. Бұл дәлелдерді қазақ есімдеріне де тән деп қарауға болады. Сонымен қатар ғалымдардың зерттеуі бойынша адам аттарын ерте кездерде рулар мен рубасылардың аттарымен байланысты болған, ал кейін адамдарды бір-бірінен ажырату үшін ат беріле бастаған. Бастапқы кездердегі кісі аттарының тіліміздің байырғы төл сөдерінен қойылғандығы байқалады. Мысалы: *Алтын, Алтынбек, Күміс, Күмісбай, Темір, Темірбек, Айжарық, Күнбек, Қойбақ, Қойлыбай, Түйебай, Жылқыбай, Бөрібай, Жолбарыс, Арыстан т.т.*

Қоғамдық дәуірдің өсіп- өнуіне байланысты қоғамдық идеологияның дамып отыруы заңды құбылыс болды. Осыған байланысты V-VIII ғасырларда қазіргі қазақ жерінде тірлік етіп, өмір сүрген ру, ұлыстар мен тайпалардың мәдениеті дамып, өркендей бастайды.

Бұл кезде еңбек процесінің негізінде материалдық игіліктер өндіріледі. Темір рудаларын өндіру қарқыны күшейе түседі. Осыған байланысты кісі есімдеріне қатысты "темірші", "колашы", "алтын", "шот", "орақ", "кетпен" деген сөздер қолданылады. Сондай- ақ үй мүліктері мен бұйымдарының, түрлі темір- терсектердің аттарынан қойылған есімдердің өмірге келгені белгілі. Тіліміздегі толып жатқан тарихи есімдер өздерінің шығу жағынан ерте замандарға тән екендігін аңғартады.

Халқымызда ат қойғанда азан шақыру салт-дәстүрі де бар. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Азан шақырып қойған ат – ең алғаш қойылған есім; шын аты», - деп берілген [4,20 б.]. Баланың атын қояр кезде үш қайтара «Аллаһу акбар» деп азан шақырып, содан кейін баланың құлағына қойылған атты үш рет айтады. Бұл – баланың есінде сол есім қалады, құлағына сол есім сінеді деген ырым. Мысалы, кісі атауларында *Айкүн, Айжарық, Айтолық, Айтолды, Күнай, Күнсұлу, Күнтуар, Бөрі, Барысбек, Арыстан, Бұқа, Түлкібай, Қоянбай, Алтын, Күміс, Қаршыға, Сұңқар және т.б.* есімдермен ұштасып жатамыз.

Балаға ат қойғанда бір мәселе бар. Алланың «Аллаһ» есімінен басқа және 99 көркем есімі бар. Көп адам осы есімдерді, мәселен, Әлжаппар, Әсәләм, т.б. қояды. Ислам ғұламаларының айтуы бойынша, бұл есімдер тек Алланың өзіне ғана лайық. Егер осы Алланың сипаттарын білдіретін аттарды қоюды қаласаңыз, ол адам сол есімге лайық болуы керек. Мысалы, *Ар-Рахим – ерекше мейірімді, Әл-Азиз – аса даңқты, бәріне құдіретті, Әл-Ғаффар – аса кешірімді, Ғалым – білуші, Әс-Сәмиғ – бәрін естуші, Әл-Басир – бәрін көруші* [5,50 б.].

Қазақ халқының қыз балаларына құрылымы жағынан күрделі есімдерді қояды- олар екі әр түрлі түбірден жасалатын есімдер (зат есім+зат есім немесе зат есім+сын есім), мысалы: «*Айнур*» (*Ай+Нұр*), «*Айгуль*» (*Ай+Гүл*), «*Нургуль*» (*Нұр+Гүл*), «*Гульнур*» (*Гүл+Нұр*), «*Гульжан*» (*Гүл+Жан*), «*Айжан*» (*Ай+Жан*), «*Нуржан*» (*Нұр+Жан*), «*Тогжан*» (*Тог+Жан*). Негізінде қазақтар үшін табиғатпен байланыстының бәрі өте әдемі болып келеді. Бірақ бәрінен де ең көріктісі ай болғандықтан- *Айдана, Айжан, Айман, Айсана, Айсанем, Айсұлу, Айгуль, Айнур, Айна, Айдос, Айдан, Айза, Айханым, Айсә, Айбала, Айбике, Айзия, Айнагуль, Айбол, Айпара* деген есімдерді жиі қойып жатады. Тағы бір өте қызықты, әрі ерекше кездесіп қалатын есімдердің біріне мысал балаға ат қоюда ерте кездің өзінен-ақ ырым мен әдет-ғұрыпты сақтаушылық болған. Ал, ырым мен әдет-ғұрып Ш.Уәлиханов атап көрсеткендей, салт-санаға тән. Мысалы: ұлы жоқ үйлерде қыз туатын болса, онда ол қызға *Ұлтуған* немесе *Ұлбосын* деп ат қояды. Ондағысы «кейінгі бала ұл болса» деген ырым-сенім.

Әйел есімдері көбінесе -гүл, -нұр деп аяқталып жатады. Сонымен қатар жаңа туған нәрестенің түр-түсіне де қарап ат берілген. Мысалы, ақ түс тазалықтың, күнәсіздіктің белгісі, символы ретінде *Ақбөпе, Ақтоты, Акерке т.б.* деп қойса, Сәбит Мұқановтың анасы ақ сары кісі болып дүниеге келгендіктен Балсары деп қойған делінген. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай мен Ерболдың Шүкіман деген есімі өзіне сай емес деп, жаңа ат қояды. «Әй, керім!» деп тамсанған олар Әйгерім деген атты ойлап табады.

Ер адамдардың есімдері де құрылымы жағынан күрделі сөздерден құралады, мыс.: (*зат есім+етістік*) «*Айтұған*» (*Ай+Туған*), «*Құдайберды*» (*Құдай+Берді*), «*Амангельды*» (*Аман+Келді*), «*Күткен*» (*Күткен*), «*Айдар*». Сәбилерге болашақта мықты, қайратты, әлді болсын деген тілекпен *Болат, Темір, Темірлан* деп есімдерін атап қояды.

Ағылшындарда да жаңа туылған нәрестеге ат қою біздің салтымыздағыдай өте маңызды орын алады. Есім қоюда сол біреуге ұқсасын деп сол адамның атын қою деген оларда да қалыптасқан және де есімді оларда этикет деген дүние қатты қолға алынған. Негізінен есімдері үш бөлімнен тұрады: бірінші есім, екінші есім және соңғысы фамилия. The Oxford Companion to English Literature кітабында: “Бірінші есімі (first-Christian name) – бұл туылған кезде берілетін христиандық есім, орта (second-middle name) – бұл қосымша мінездеме беретін есім, бұған қоса, (maiden name) шешесінің қыз кезіндегі тегін, әкесінің тегі жөнін де, және де жақын туыстарының аттарын да қосуға болады, сонымен ең соңғысы, (surname or last name) – тегі”, мыс.: *Charles Philip Arthur George, Andrew Albert Christian Edward, Edward Antony Richard Louise, Anne Elisabeth Alice Louise*.

Ағылшын халқы, негізінен, католик дінін ұстанғандықтан, жаңа туған балаға көбінесе қасиетті кісілердің есімін бергенді қалайды. Ағылшын тілінің антропонимиясындағы ат қоюда діннің де ықпалы көп тиді. Себебі, ұзақ уақыттар бойы ағылшын семьясында Таурат (Библия) оқитын негізгі және жалғыз кітап болып табылды. Қазіргі кездің өзінде ағылшын мектептерінде Таурат кітабын оқыту міндетті болып саналады. Елеулі рөл атқарған Таурат кітабындағы ағылшын есімдерінің біразы мынадай, мәселен: *John, William, Robert, Ralph u Richard, Mary, Anne, Joan және Elizabeth*.

Қыз баланы ерекше құрметтеп, оларға деген ілтипаты ерекше болғандықтан есімдерін гүлдер, өсімдіктер мен бағалы тастар атауларына қатысты атап жатады, мысалы: *Blossom – түс, рең; гүлдену; Buttercup – сарғалдақ; Clover – жоңышқа, беде; Daffodil – сұрғылт сары нарцисс; Ivy – шырмауық гүлі; Liliac – сирень гүлі; Amber – янтарь; Beryl – берилл (меруерт тастың бір түрі); Pearl – інжу; Ruby – лагыл.*

Ағылшындар танымал тарихтағы және мәдениет қызметкерлерінің есімдерін таңдауы да байқалады. XIX ғасырдағы американдық суретшісі Ч.У. Пил, мысалы, өзінің балаларына кенінен

танымал суретшілердің есімін қойған, мыс.: *Rembrandt Peale, Raffaele Peale, Rubens Peale, Titian Peale*.

Сонымен қатар оларда тосыннан қойылған есімдері де баршылық. Мысалы: *Автобус №16 ("Number 16 Bus"), Тақырбас адам ("Pollard"), Ом («Burn»), Орман ("Wood"), Сүйкімді дос ("Belami")* т.б. Осы екі халықтың есімдерін салыстыра келе ұқсастықтары мен айырмашылықтарын мына кестеден қарауға болады (кес.1):

Кесте 1 – Ағылшын және қазақ есімдерін салыстыру тәсілі

Есімдер	Қазақ	Ағылшын
Гүлдер атауы	+	+
Бағалы тастар атауы	+	+
Тосыннан қойылатын есімдер	-	+
Дінге қатысты есімдер	+	+
Танымал адамдардың есімдері	+	+
Іс- қимылға қатысты есімдер	+	-
Жан- жануарға байланысты	+	-

Қорытындылай келе, екі халықтың тілі бөлек болғанымен, есім қою жағынан ұқсастығы да, айырмашылығы да бар екеніне тағы да көзіміз жетіп отыр. Кез келген ата-ана шыр етіп дүниеге келген өз сәбиіне ең жақсы, көркем есімді қоюға тырысатыны анық. Әрбір ата-ана баласына ат қоярда өзіне жүктелер жауапкершілікті жете сезініп, оған сақтықпен қарап, сәбиіне есімді жақсы тілек-ниетпен, үлкен арман-мақсатпен қояды. Өйткені есімдердің адам өмірінде маңызы зор. Әр адам өзіне қойылған есімге лайық өмір сүргісі келетіні анық. Сондықтан қазақ халқы да, ағылшын халқы да есім қоюдың ұлттық тарихымен, рухани мәдени өмірімен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Осы мақалада біз өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра болып ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен дәстүрдің бірі осы ат қоюмен байланыстылығын анықтадық. Тіл біліміндегі тілді сол тілде сөйлеушінің мәдениетімен, тарихымен, т.б. тығыз байланысты зерттейтін антропоцентристік бағытқа, әлеуметтік лингвистика мен этнолингвистикаға, лингвомәдениеттанудағы қазіргі заманға сай келеді. Сондықтан, бұл қазіргі екі ұлттың бір- бірімен мәдениет жағынан қарасақ та, тарихы жағынан салыстырсақ та, т.б. тығыз байланыста.

Әдебиеттер:

1. Қалиев С., Майғанарова Ш. т.б.. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 1999. – 153 бет.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том./Құраст.: Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011.– Д-Ж. – 752 бет.
3. Т. Жанұзақ. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. - Алматы, 2009. - 552 бет.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
5. Сомжүрек Жұма-Назар. Алланың 99 көркем есіміне 99 көркем жыр. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2012. – 160 б.

ПРОБЛЕМЫ МОДЕРНИЗАЦИИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

Романько Е.Б., к.э.н., доцент; Мамбетова С. Ш., к.э.н., доцент
 Карагандинский государственный университет им. академика Е.А Букетова
 г. Караганда, Республика Казахстан

В статье исследованы сущность и значение модернизации государственной службы. Рассмотрен зарубежный опыт модернизации государственной службы и системы государственного управления. Дан анализ проблемам состояния государственной службы в Казахстане. Особое внимание авторами уделено проблемам модернизации государственной службы. Также в статье раскрываются механизмы модернизации государственной службы в Казахстане, обосновывается необходимость выстраивать качественно новую модель